

## **2008 жылғы 1 тамызға жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайы**

2008 жылғы 1 тамызда республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі - қорлар) жұмыс істеді. Заңды тұлғаларға зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша қызметке лицензия 2008 жылғы шілде айында берілген жоқ. «Д.А. Қонаев атындағы АЖЗҚ» АҚ атауын «АМАНАТ ҚАЗАҚСТАН ЖЗҚ» АҚ-на өзгерткенін атап өткен жөн.

Қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензия 14 заңды тұлғада бар, оның ішінде 9 қорда зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензия бар.

Есепті күнге 11 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызмет атқарды. Сонымен қатар, қорларға кастодиандық қызметті 6 екінші деңгейдегі банк көрсетті: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «ТұранӘлем Банкі» АҚ еншілес ұйымы - «Темірбанк» АҚ, «Еуразиялық Банкі» АҚ және «АТФ Банкі» АҚ.

### **Қорлардың салымшылары (алушылары)**

Қорлар жинақтаушы зейнетақы жүйесіне республиканың экономикалық қамтылған халқын тартуды жалғастыруда, нәтижесінде салымшылардың жеке зейнетақы шоттарының (бұдан әрі – шот) саны үнемі өсіп келеді.

Сөйтіп, 2008 жылғы 1 тамызда салымшылардың (алушылардың) міндетті зейнетақы жарналары бойынша жеке зейнетақы шоттарының саны 1 369,5 млрд. теңге жалпы жинақталған зейнетақы қаражаттары сомасымен 9 411 365 болды. Ағымдағы жылдың қаңтар-шілде айларында міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың шоттарының саны 187 653 немесе 2,03%-ға өсті, оның ішінде шілдеде - 34 357 (0,37%).

2008 жылғы 1 тамызда міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының ең көп саны 4 қорда шоғырланды: «МЖЗҚ» - 25,78%, «Қазақстан Халық Банкі» - 21,77%, «ҰларҮміт» – 14,70% және «БТА Қазақстан» - 9,93% немесе олардың үлесіне барлық қорлардың салымшыларының жалпы санының 72,18% келеді. Ағымдағы жылдың шілде айында 4 қор бойынша үлес алдыңғы есепті айлармен салыстырғанда 0,02 пайыздық тармаққа төмендеген.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны шілде айында 36 (0,09%) өсіп, 2008 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 920,5 млн. теңге жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасымен 41 384 болды. Ағымдағы жылғы қаңтар-шілдеде ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 480 (1,17%-ға) өсті. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың шоттары барлық қорда болды.

2008 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының ең көп саны мынадай қорларда болды: «Сенім» – 45,75%, «Капитал» – 18,80%, «ҰларҮміт» – 14,16% және «АМАНАТ ҚАЗАҚСТАН» - 13,47% немесе 4 қордың үлесіне шоттардың жалпы санының 92,18% келеді.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 2008 жылдың 1 тамызындағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасы 60,4 млн. теңгемен 4 014 болды. Ағымдағы жылғы қаңтар-шілде ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны 166 (4,31%-ға) өсті. Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар екі қорда ғана болды: «ҰларҮміт» және «Қазақстан Халық Банкі».

### **Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттары**

2008 жылғы 1 тамызда салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты 1 374,4 млрд. теңгені құрады немесе ағымдағы жылдың 2007 жылғы 1 тамызымен салыстырғанда 305,5 млрд. теңгеге немесе 28,58%-ға ұлғайған. Ағымдағы

жылдың шілде айында жинақталған зейнетақы қаражатының өсімі 8,0 млрд. теңге болды немесе осы жылдың маусым айында қалыптасқан өсімімен салыстырғанда 2,5 есе кем.

Зейнетақы жарналарының жалпы келіп түсуі шілде айында 24,2 млрд. теңгеге (2,33%) ұлғайып, 2008 жылғы 1 тамызда 1 063,7 млрд. теңге болды. 2007 жылғы қаңтар-шілде айларында зейнетақы жарналарының орташа айлық түсімдері 17,5 млрд.теңге болды, ағымдағы жылғы қаңтар-шілдеде олар 21,7 млрд. теңге болды немесе 24,0%-ға өсті.

Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен, салымшылар мен алушылардың шоттарына есепке алынған «таза» инвестициялық кірістің сомасы (комиссиялық сыйақыларды қоспағанда) маусым айында 13,8 млрд. теңгеге (3,57%) кеміп, 2008 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 372,0 млрд. теңгені құрады.


Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты 2008 жылғы қаңтар-шілде айында мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

Күні	(млрд. теңге)			
	01.01.08ж.	01.08.08ж.	Өсім сомасы	Өсудің қарқыны, (%-бен)
Жинақталған зейнетақы сомасы	1208,1	1374,4	166,3	13,77
Зейнетақы жарналары	912,1	1063,7	151,6	16,62
«Таза» инвестициялық кіріс	339,3	372,0	32,7	9,61
Жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі	28,09	27,07	-	1,02 пайыздық тармаққа (төмендеу)

Келтірілген кестеден көріп отырғандай, жинақталған зейнетақы қаражаты өсімінің сомасы ағымдағы жылдың қаңтар-шілде айларында 166,3 млрд.теңге құрады немесе жинақталған зейнетақы қаражатының орташа айлық өсімі 23,8 млрд. теңге болды, ал өткен жылдың тиісті кезеңінде 22,7 млрд. теңгені құраған немесе өсімі 4,85% болған.

2008 жылғы 1 тамызда жинақталған зейнетақы қаражатының ең көп сомасы 4 қорда: барлық қорлардың жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы көлемінен «Қазақстан Халық Банкі» - 404,6 млрд. теңге (29,44), «ҰларҮміт» - 225,9 млрд.теңге (16,44%), «МЖЗҚ» – 224,0 млрд. теңге (16,30%) және «БТА Қазақстан» - 159,7 млрд.теңге (11,62%) құрады немесе жиынтығында осы 4 қорға барлық жинақталған зейнетақы қаражатының 73,80% келеді. Есепті кезеңде үлес 0,29 пайыздық тармаққа кеміді.

#### Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражаттарының өзгеру динамикасы (млрд. теңгемен)



Міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы ұстамағаны және аудармағаны және жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аударымдарды жүзеге асырмағаны үшін өсімпұл сомасы өсуде, ол 2008 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 8,6 млрд. теңге болды немесе алдыңғы есептік аймен салыстырғанда 1,62%-ға өскен.

Зейнетақы төлемдері мен қорлардан сақтандыру ұйымдарына аударымдар 2008 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 81,1 млрд. теңге болды немесе ағымдағы жылдың 1 шілдесімен салыстырғанда 2,4 млрд. теңгеге (3,06%) өскен. 2007 жылдың тиісті кезеңінде зейнетақы төлемдері 9,0 млрд. теңгеге немесе 2 есе көп жүзеге асырылған кезде 2008 жылғы қаңтар-шілдеде қорлар алушыларға жалпы сомасы 18,0 млрд. теңге болатын зейнетақы төлемдерін жүзеге асырды.

Сақтандыру ұйымдары алушылардың жинақтаушы зейнетақы аударылымдарын зейнетақы аннуитет шартына сәйкес 2008 жылғы қаңтар-шілдеде 162 алушыларға жалпы сомасы 161,1 млн. теңге жүзеге асырған.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі бойынша ақпаратты Агенттік сайтында орналастыру, сондай-ақ, қорлармен ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау салымшыларға (алушыларға) қорды өз бетімен таңдауға және зейнетақы заңнамасымен берілген жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екіншісіне аудару құқығын пайдалануға мүмкіндік береді.


2008 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екіншісіне аудару шілде айында 9,2 млрд. теңгеге (3,50%) өсіп, 273,2 млрд. теңге болды. 2008 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда жинақталған зейнетақы қаражат аударымдары 63,4 млрд.теңгеге немесе 30,22%-ға өскен.

### Жинақтаушы зейнетақы қорларының активтерінің құрылымы

2008 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-ның инвестициялық басқаруындағы зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі ағымдағы жылдың тамыз айында 5,8 млрд. теңгеге немесе 0,42%-ға ұлғайып, 1 373,3 млрд. теңге болды.

2007 жылғы 1 тамыздан бастап 2008 жылғы 1 тамызға дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 25,3 млрд. теңге болды.

### Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы



## Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің бөлінуі

ЗАИБЖАҰ / ЖЗҚ	зейнетақы активтері	
	млн. теңге	в %
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ еншілес ұйымы «Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	404 894	29,49
«Жетісу» ЗАИБЖАҰ» АҚ	244 929	17,84
«ҰларҮміт» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	224 126	16,33
«Қорғау» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	20 803	1,51
«МЖЗҚ» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	223 772	16,29
«ТұранӘлем Банкі» АҚ еншілес ұйымы «БТА Қазақстан» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	160 048	11,65
«GRANTUM Asset Management» ЗАИБЖАҰ» АҚ	81 501	5,93
«Грантум» Жинақтаушы зейнетақы қоры («Казкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы)» АҚ	81 501	5,93
«Сенім» Ашық жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ («Еуразиялық банк» АҚ еншілес ұйымы)	44 356	3,23
«Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы» - «Капитал» ЖЗҚ» АҚ	45 381	3,30
«Отан» Ашық жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ («АТФ банк» АҚ еншілес ұйымы)	37 435	2,73
«Нефтегаз – ДЕМ» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	35 024	2,55
«Нур-Траст» ЗАИБЖАҰ» АҚ	33 365	2,43
«Атамекен» Жинақтаушы зейнетақы қоры» («Нұрбанк» АҚ еншілес ұйымы)» АҚ	33 365	2,43
«АМАНАТ КАЗАХСТАН» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (бұрынғы атауы Д.А. Қонаев атындағы АЖЗҚ)» АҚ	29 215	2,13
«Қазақмыс» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	27 807	2,02
«Premier Asset Management» ЗАИБЖАҰ» АҚ	5 621	0,41
«РЕСПУБЛИКА» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	5 621	0,41
<b>Барлық ЖЗҚ бойынша барлығы</b>	<b>1 373 348</b>	<b>100,0</b>

2008 жылғы 1 тамызда инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі ағымдағы жылдың шілде айында 18,3 млрд. теңгеге немесе 1,36%-ға ұлғайып, 1 361,7 млрд. теңге болды.

### ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	1.08.2008ж.	
	млн. теңге	%
<b>ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>347 763</b>	<b>25,54</b>
ҚР еурооблигациялары	0	0
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	302 890	22,24
Ұлттық Банктің ноттары	44 873	3,30
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары</b>	<b>192 813</b>	<b>14,16</b>
акциялар	76 304	5,60
облигациялар	116 509	8,56
<b>Шетел инвестициялық қорларының пайлары</b>	<b>0</b>	<b>0</b>
<b>Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары</b>	<b>0</b>	<b>0</b>
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары</b>	<b>2108</b>	<b>0,15</b>
<b>Тазартылған алтын</b>	<b>57 902</b>	<b>4,25</b>
<b>ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>591 156</b>	<b>43,42</b>
акциялар	169 959	12,48
облигациялар, оның ішінде:	421 197	30,93
шетел валютасына номинирленген	3 718	0,27
теңгеге номинирленген	417 479	30,66
<b>Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар</b>	<b>168 705</b>	<b>12,39</b>
<b>Туынды бағалы қағаздар</b>	<b>1 244</b>	<b>0,09</b>
<b>Жиынтығы</b>	<b>1 361 691</b>	<b>100</b>

Келтірілген деректерден көріп отырғанымыздай, инвестициялық портфельде ең көп үлесті Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары мен мемлекеттік бағалы қағаздар алады, олардың жалпы үлесі 68,96% құрайды немесе алдыңғы есептік аймен салыстырғанда үлес 0,31 пайыздық тармаққа өскен.

### Қорлардың номиналды кіріс коэффициенті туралы мәліметтер

2008 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің орташа алынған номиналды кіріс коэффициенттері мыналарды құрады:

- 2003 жылғы шілде - 2008 жылғы шілде кезеңіне - 48,26%. Түзетілген орташа алынған номиналды кіріс коэффициенті - 44,16% (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 64,46%);

- 2005 жылғы шілде – 2008 жылғы шілде кезеңіне - 33,40% (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 41,92%);

- 2007 жылғы шілде – 2008 жылғы шілде кезеңіне - 8,41% (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 20,0%).


Ағымдағы жылдың 1 тамыздағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының номиналды кіріс коэффициентінің өзгеруі мынадай тәсілмен сипатталды:

- номиналды кіріс коэффициенті бойынша 60 айда 0,39 пайыздық тармаққа төмендеді;

- номиналды кіріс коэффициенті бойынша 36 айда 1,05 пайыздық тармаққа төмендеді;

- номиналды кіріс коэффициенті бойынша 12 айда 1,25 пайыздық тармаққа кеміді;

### Зейнетақы активтері мен номиналды кіріс коэффициентінің арақатынасы



### Қорлардың қаржылық жағдайы

2008 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша қорлардың жиынтық капиталы 32,8 млрд. теңгені құрады, оның ішінде жарғылық капитал – 9,7 млрд. теңге немесе жиынтық капиталдың көлемінен - 29,57%. 2008 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша қорлар бойынша активтердің жалпы сомасы 37,7 млрд. теңге және ағымдағы жылдың 1 шілдемен салыстырғанда актив сомасы 0,5 млрд. теңге (1,31%) төмендеген.

2008 жылғы қаңтар – шілдеде 14 қордың ішіндегі 11 қор жалпы сомасы 4,7 млрд. теңге пайда тапты (табыс салығын төлегеннен кейін) және 3 қор («ҰларҮміт», «АМАНАТ ҚАЗАҚСТАН» және «Республика») жалпы сомасы 0,8 млрд. теңге зиян

шекті. Ағымдағы жылы қаңтар-тамызда жалпы қорлар бойынша жалпы сомасы 3,9 млрд. теңге пайда алды.

2008 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша қорлардың меншікті активтерінің есебінен қаржы инвестициялары 30,0 млрд. теңге құрады немесе қорлардың жиынтық капиталының 91,74% болды.

Қорлар меншікті активтерін инвестициялардың жалпы көлемінен мемлекеттік бағалы қағаздарға - 35,99%, Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарға 35,57%, «Кері РЕПО» операцияларына - 13,49% инвестициялады, екінші деңгейдегі банк салымдарына - 11,16%, шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарға – 3,62%, сондай-ақ, инвестициялық қорлардың пайларына - 0,17% орналастырды.

#### **Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролі**

<b>Экономикадағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштерінің динамикасы</b>	<b>1.01.04</b>	<b>1.01.05</b>	<b>1.01.06</b>	<b>1.01.07</b>	<b>1.01.08</b>	<b>1.08.08</b>
ЖІӨ млрд. теңгемен (Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің деректері бойынша)	4 612,0	5870,1	7 453,0	10 139,5	12 725,98	15 046,7
Жинақталған зейнетақы қаражаттарының ЖІӨ-ге қатынасы, %- бен	7,99	8,24	8,70	8,97	9,49	9,13
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ қатынасы, %- бен	5,99	6,48	6,88	6,74	7,17	7,07
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %- бен	2,15	1,95	2,08	2,52	2,67	2,47
Қорлардың жиынтық капиталының ЖІӨ-ге қатынасы, %- бен	0,14	0,14	0,16	0,20	0,23	0,22